

Жаңаша білім-жаңаша көзқарас



Мақсаты:

- бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту бойынша өзекті мәселелерді талқылау, озық педагогикалық тәжірибені көрсету және іс-тәжірибемен алмасу

Міндеті:

- оқушы тұлғасына үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу

«Халық пен халықты, ел мен елді теңестірген-білім.»

Мұхтар Әуезов

**Білім үйрен данадан, жалтаңдама басқаға,
Қызмет қыл, басыңды, өрлігінді таста да.**

Махмуд Қашқари

**«Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді
бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді.»**

Шоқан Уәлиханов

**Білімді болу деген сөздің мағынасы — белгісіз нәрсені
ашуға қабілетті болу деген ұғым»**

Әбу Насыр Әл-Фараби

Кіріспе сөз

- ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы –білім» екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... М. Әуезовтың «Халық пен халықты, ел мен елді теңестірген-білім» деп айтқан сөзі адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы болып табылады. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Негізгі іс-әрекет:

1. “Серпілмелі сауалдар”

2.Топтық жұмыс

3.Сергіту жаттығуы “Мейірімді жануар”

4.Жаңартылған білім мазмұны

бойынша қолданылатын әдіс-тәсілдер

5. «Флеш Тренинг»

6. Рефлексия “Менің көңіл-күйім”

баспалдағы

1. «Серпілмелі сауалдар»

- Жаңартылған білім мазмұны бойынша қандай қиыншылықтар кездесуде және оны қалай шешіп жүрсіздер?
- Қалыптастырушы бағалауды сабақ барысында қалай қолданамыз?
- Жалпы оқушылар жаңа бағдарламаны қалай қабылдап жатыр? Қандай ерекшеліктер байқалады?
- Бағалау жүйесі туралы не айтасыздар?
Дәстүрлі бағалау жүйесінен айырмасы қандай?
-

Топтық жұмыс

1.-топ

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың тиімді әдістері қандай?

2-топ

Жаңарған білім беру бағдарламасы мектеп оқушыларының айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытуға қаншалықты мүмкіндік береді? Дәстүрлі әдістерден айырмасы неде? Балалардың қызығушылығы, қажеттілігі қаншалықты ескерілген?

3-топ

Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?

2.Сергіту-жаттығуы

«Мейірімді жануар»

Өзімізді бір бүтін топ ретінде сезіну үшін «Мейірімді жануар» жаттығуын ұсынамын. Шеңбер жасап бір-бірімізге иық тіресіп, қолдарыңыздан ұстаңыздар. Жануарлар дем алады. Бір қадам алға аттап дем аламыз. Бір қадам артқа аттап дем шығарамыз. Жануарлардың жүрегі соғады. Екі қадам алға, екі қадам артқа қадымда. Рахмет!

Екі топқа бөлініп, бір қатарға сап түзеп тұрыңыздар.

1-топ таңертеңгі ауысым,

2-топ түскі ауысым. Жарыс ретінде өтеді.

Барлық тапсырманы біз үнсіз, жасауымыз керек.

Мүмкіндігінше әр тапсырманы жылдам және дұрыс жасауға ұмтылуымыз керек.

1-тапсырма: бой-бойларыңызбен тұрыңыздар

2-тапсырма: туылған күндерініз бойынша тұрыңыздар 1-қаңтар басында, 31-желтоқсан соңында

3-тапсырма: Жастарыңызға байланысты жасы кішілер алдында, жасы үлкендер саптың соңында

Ойын аяқталды. Рахмет. (қай топ жылдам әрі тез марапаттау)

Жаңартылған әдіс-тәсілдер

«**Бір қадам алға...**» Мұғалім есіктен кіргеннен өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа шегінеді. Мұғалім столына жеткенше, бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландырып алады.

«**Алфавит**» Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с.» Қорытынды сабақтарда, емтиханға дайындықта, есте сақтауын дамытуда көмекке келеді.

«Әріптестер»

Әр оқушыға не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беріңіз. Оқушылар сынып ішінде жүріп, сәйкес келетін сұрақ пен жауапты іздейді. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, оқушылар үндемей орындай алады.

«**ВЕЕР**» Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.

«**Гүлдер**» Оқушыларға қағаздан қиылған үш түсті гүл үлестіріледі. Олар сабақ қорытындысы бойынша жасыл түсті гүлді ең көп көмектескенге, сары гүлді ең сыпайы оқушыға, ал қызыл гүлді ең жақсы тыңдай білген балаға беруі керек. Ең үлкен гүл шоғы кімде болар екен?

Мозайка әдісін сабақта қолдану. Яғни шығарманы бес бөлікке бөлу. Әр топ өзіне тиісті мәтінді оқиды. Одан кейін «қонаққа бару» стратегиясын пайдаланып, әр бала өзінің мәтінін басқаларға баяндайды. Әр бөліктен мозайка құрастырылады, яғни шығарманың толық мазмұны ашылады.

«**Ассоциацияның көмегімен көрініс**» Қатысушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (пикникке алып шығатын немесе қызығушылығына байланысты) ұйқастырып айту керек. Мысалы: Есімім – Жантас, ұнататын сусыным – квас; Есімім – Жанар, ұнататын жемісім – анар т.с.с. Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуларына болады.

«**Әйнек арқылы сөйлесу**» Топ жұпқа бөлінеді. Бірінші адамға сөздің көмегінсіз екіншісін киноға шақыру тапсырылады. Басқа жұптарға басқа тапсырма беріледі. Барлығы араларында дыбыс естілмейтіндей әйнек бар секілді сөйлесу керек.

Флеш Тренинг



5. Рефлексия

«Менің көңіл-күйім» баспалдағы



Қорытынды:

Ақыл деген - өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр.
Тағдырдың қиын сырлы сиқырымен
Жан тэнге, ақыл жанға матаулы тұр.
Ақыл деген - денеге егулі дән,
Суарылса оған да кіреді жан.
Ақылдың өсіп, өніп зор аймағы,
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез деген нәрселермен озады.

« Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» болады деп Шәкәрім бабамыз айтқандай бүгінгі кездесумізді осындай ұлағатты сөзбен аяқтағанды жөн көрдік. Осы сөз барлықтарыңызға бір ой салар деген үміттеміз. Сіздерге үлкен алғысымызды білдіреміз! Рахмет!